



АНА ТІЛІ

1990 жылғы
наурыздың 22-сінен
бастап шығады

Ұлы Тағам

Сөзі жоғалған
жұрттың
өзі де жоғалады



Әл-Фараби және Ақжан Машани

1971 жылы Мәскеуде өткен халықаралық конгрестің мәжілісінде әл-Фарабидің ЮНЕСКО ауқымында 1100 жылдық мерейтойын өткізу мәселесі қозғалған кезде бүкіл әлем ғалымдарын таңдандырған оқиға болды. Батыс пен Шығыс ғалымдарының бәрі араб ғалымы деп білетін әйгілі Әбу Насыр әл-Фараби арабтың да, түріктің де ғалымы емес, қазақтың тікелей бабасы болғаны бұлтартпастай дәлелденген еді. Бұл оқиға тек ұлы ғұламаның өмірі мен еңбегін тереңдеп білумен қатар, дүниежүзі зерттеушілері әлемде қазақ деген ұлт бар екенін, тіпті бүкіл адамзат өркениетінің бір бастауы көне қазақ жерінен таралғанын мойындап, таңғалысты. Сонда әл-Фарабидің қазақ бабасы екенін әлем ғалымдарына мойындатқан кім болды? Қазақ жұрты ғана емес, сол кезеңдегі Кеңес Одағы ғалымдары мұндай ірі зерттеуді жүргізген тарихшы да, рухани саланың ғалымдары емес, құжат бойынша геолог ғалым Ақжан Машани екеніне қанығып таңырқасумен болды. Ал осы айтулы тұлға Ақжан Машани деген кім? Бұл жөніндегі сауалға қазір қазақтың көптеген жастары жауап бере алмайтыны байқалады. Егер әл-Фарабиді зерттеуге бүкіл ғұмырын арнаған Ақжан Машани болса, Ақжан Машанидің өмірі мен еңбегін зерттеп, көптеген еңбектер жазған Сәтбаев атындағы ҚазақҰТУ-дың профессоры, педогогика ғылымдарының докторы, техника ғылымының кандидаты, «Ақжан Машани» халықаралық қоғамдық қорының президенті Шамшиден Абдраманмен сұхбатты жариялап отырмыз. – Шәке, бүгінгі таңда қазақ жұрты әл-Фарабидің өмірі мен еңбегіне айтарлықтай қанық болса да, оны зерттеп, қазақтың бабасы екенін бүкіл әлем ғалымдарының алдында дәлелдеген және ұлы ғұлама туралы көптеген еңбектер жазған Ақжан Машани туралы жете білмейтіні аңғарылады. Сондықтан да Ақжан Машани туралы әңгімелеп берсеңіз?

– Ақжан Машанидің тұлғасын толыққанды тану үшін әуелі әл-Фарабидің қандай зор ғұлама екенін білу қажет. Сондықтан да мен Ақжан Машани жөнінде әңгімелемес бұрын әл-Фараби жөнінде айтып өткенім жөн болар. Ислам діні тарамай тұрған кезде Отырар өңірінің, Тұранның-Сарматтың көне мәдениеті жоғары болған. Ертедегі мәліметтерде Отырар жоғары мәдениетті, оның кітапханасы дүние жүзіндегі кітапқа бай орын болған. Осы жағынан ол Александриядан кейінгі екінші орын алады деп жазған Александрия ғалымы Птоломей.

Әл-Фараби бала кезінде Отырарда туған. Оның әкесі атақты, ауқатты, қолында билігі болған. Әл-Фараби сауатын балалық шағында өзінің елінде, өзінің ана тілінде алған. Ол 16 жасында (кейбір мәлімет бойынша 12 жасында) керуенге ілесіп Бағдатқа оқуға келген. Ол кезде Бағдат халифасының сенімді сарбаздарының көбі түркістандықтар-мамлюктер, яғни әл-Фараби елінен болған. Сол себепті әл-Фарабидің бұл жерден ғылым үйренуіне жағдай болды деп білеміз. Оның үстіне Бағдат Арун Рашид кезінен бастап ғылым, өнер қуған адамдарға қақпасын кең ашқан. Алғашқы кезде әл-Фараби өзін ақын, әнші, күйші, музыкант ретінде танытқан. Кейін ол ірі ғалымдардан дәріс тыңдап, сабақ алған. Оның алғашқы ұстаздары

Александриядан, Византиядан ығысып келген ғалымдар болған. Грек, араб тілдерін меңгерген соң, басқа шаһарларда тұратын ғалымдардан дәріс алады. Содан ол араб елдеріне келіп, еңбектерін араб тілдерінде жазып мәшһүр болды.

Әл-Фараби ғұмырының соңын Сирия-Шам елінде өткізген. Өйткені, сол кезде Сирияның мәдени өркендеу деңгейі басқа араб елдеріне қарағанда жоғары болған. Әл-Фарабидай ұлы дананы атақты әмір Сайф ад-Даула Хамдани құрмет тұтқан. Мұның бір себебі, қыпшақ батырлары Бағдат әмірлері болған. Олармен жақсы қарым-қатынаста болу үшін, олардың ағалары қыпшақ ғұламасына ерекше қасиет көрсетуді мақсат етеді. Сөйтіп, әл-Фарабиді арнайы шақыртады. Салтанатты кешке келген ғалымның сәлемін ерекше ілтипатпен қабылдаған әмірге әл-Фараби: «Тақсыр сіздің көрсеткен жеріңізге отырайын ба, әлде өзімнің қалаған жеріме барып отырайын ба?» дейді. Оны сынамақ болып: «Қалауыңыз білсін» дейді әмір. Әл-Фараби жұртты айналып өтіп, тақтың қасынан әмірмен тізерлей келіп жайғасады. Мұндайды ұната қоймаған әмір, тақ күзетшісіне тек қана өздері түсінетін тілде: «Мына қарт әдепсіздік көрсетті. Егер мәжілісті гүлдендіре алмаса оны қалай жазалауды ұмытпандар» дейді. «Әлбетте тақсыр» дейді олар. Әл-Фараби сол тілде: «Сабыр түбі сары алтын, істің ақырын күткен дұрыс» дейді. Патша сасып қалады: «Бұл тілді сіз де білетін бе едіңіз?» дейді. «Таңданбаңыз, мен жетпіс тіл білемін» дейді баба.

Отырғандар ғұламаға бірінен соң бірі сұрақ қойып, көп жайттан қанығады. Араларынан қыңыр сұрақ қойып, ғалымды сүріндірмекшілер де табылады. Бірақ ғұлама бәріне дұрыс жауабын беріп, жөнін айтып отырады. Сол кездегі әдет бойынша, яғни қазіргі кезде келелі кеңесте жүргізілетін стенограмма тәрізді сол әмір мәжілісінде әл-Фарабиға қойылған 46 сұрақ пен оған берілген жауаптары сақталғанын Ақжан Машани нақты білген. Ақжан Машани 1970 жылы «Жазушы» баспасынан шыққан «әл-Фараби» тарихи романында сол әмір өткізген мәжілістегі оқиғаны нанымды түрде көркем тілмен жазған еді. Жалпы Ақжан Машани үш көркем шығарма жазды. Бірі – жастарды ғылымға баулитын ғылыми-фантастикалық романы «Жерастына саяхат», екіншісі – ұлы ғұламаның азаматтық бейнесін сомдаған «Әл-Фараби» тарихи деректі романы, үшінші – қазақтың дүниетанымына арнаған «Табу» романы.

Сол, Сирия әмірі ұйымдастырған мәжілісте өнер көрсеткендерге әл-Фараби түрлі музыкалық аспаптардың мақамын дұрыстап беріп отырады. Әл-Фарабидің музыкаға бейім екендігін көріп, байқаған әмір ғалымның күй тартуын қалайды.

Әл-Фараби өзімен алып келген аспабын ала салып, күй тартып, тындаушыларды тәнті етеді. Музыканы қатты ұнататын Сайф ад-Дау музыка жөнінде кітап жазып беруді тапсырады. Әл-Фарабидің артында өлмес мұрасының бірі болған «Музыканың үлкен кітабының» жазылу себебі осы еді.

Әмір әл-Фарабиге ризалығын білдіріп тұрып, қандай тілегі болса, соны орындайтындығын айтқанда, тек түстік асына қажет 4 дихраммен

канағаттанатындығын білдіреді...

– Әл-Фараби қазаққа алғаш қалай әйгілі болды?

– Әл-Фарабидің қыпшақ перзенті екендігін замандастар арасында алғаш әйгілеген құжат А. Машанидың Қазақ ҚСР ҒА президенті Қаныш Сәтбаевқа жазған хат демекпіз. Егер Ақжан ағаның сөзімен айтсақ, бұл ҒА-да әл-Фараби еңбегін кеңінен баяндаған құжат. Сонан соң Ақаңның 1961 жылы Академияның №5 хабаршысында жарияланған «әл-Фараби еңбектері туралы» мақаласы болды. Мақалада әл-Фарабидің 1100 жылдығын атап өту жөнінде мәселе қозғағанда, оның қолында сол кезде-ақ көптеген деректер жинақталғанын көрсетеді.

Сол мәліметтерге қарағанда әл-Фараби еңбектерінің жалпы саны жүзден асады. Зерттеушілердің айтуынша әл-Фараби еңбектерін бөлек-бөлек қағаздарға жазып, көрінген шәкірттеріне бере салады екен. Соның салдарынан оның еңбектерінің арабша көп нұсқасы жоғалып кеткен. Бірақ арабша нұсқасы жоғалып кеткен еңбектерінің біразы латынша, еврейше аудармаларда сақталған. Оның бұл еңбектерін Еуропа ғалымдары кең түрде пайдаланған. Ал араб ғалымдары әл-Фараби тірі кезінде де, өлгеннен кейін де оны өздерінің ұстазы деп білген. Әсіресе, оның еңбектерін Орта Азия ғалымдары жоғары бағалаған.

Әл-Фараби еңбектерінің кейбіреулері неміс, ағылшын, француз тілдеріне аударылған. Шығыс елдерінде әл-Фараби туралы жазылған еңбектер көп. Солармен бірге «Айқап», «Шора» журналдарында әл-Фараби жөнінде аздаған мәліметтерге дейін Ақжан жинастырыпты. «Әбу Насыр әл-Фараби еңбегі алғаш рет қазақ тілінде» атты мақаласына А.Машани белгісіз суретші салған ұлы баба суретін қоса берген еді. Омырауы ашық, қыпшақ шапанның ішінен кісе белбеу буынған бабаның түрегеп тұрған күйінде оң жақ қолымен үстелге сүйенген бейнесі салынған. Ал үстел үстінде адам құшағына әзер сиятындай орта ғасырлық кітап жатыр. Үстелді оң қолымен таяна тұрып, сол қолымен кісесін ұстаған бабамыздың мына келбеті, өзінің қыпшақ нәсілі, дала перзенті екендігін мақтан еткендей әсер қалдырады. Қаба сақал баба басындағы бөрікті де араб бас киіміне ұқсату қиын, ол қыпшақ бөркі. Тек аяғына іле салған шәркейі ғана ұлы бабамыздың ыстық өлкедегі ғұмырын елестетеді.

Суреттің үстіңгі жағында бабаның есімі, туған, қайтқан араб әріпімен берілгендігіне қарап, белгісіз уақыттағы бұл сурет әл-Фараби дүниеден өткен соң салынған деуге болады.

Дегенмен, бұл суреттің тым ертеде салынғанын байқауға болады. Бірақ, оны кім салды? Бұл жөнінде Ақаң да ауыз ашпады, мен де сұрамаппын. 1961 жылдың аяғында сол мақаламен бірге осы сурет «Білім және еңбек» журналында жарияланған болатын.

– Олай болса біздің тұңғыш теңгемізде, әл-Фарабиге қойылған ескерткіштерге осы сурет нұсқасы емес, басына сәлде ораған бейнесі жасалғаны қалай?

– Бұл намаз оқитын діншіл ғалым Ақжан еңбегіне мән бермеудің салдары болса керек.

– Ал енді Ақжан Машанидің әл-Фарабиді қалай зерттегені жөнінде әңгімелеп берсеңіз?

– Әл-Фараби мұрасын іздестіру А.Машани ұстанған жол болды. Бірі – кітапханааралық абоненттік байланыс арқылы әлемнің ірі-ірі қалаларындағы кітапханаларға хат жолдау. Екіншісі – шетелге шығу. Үшіншісі – өз елінен табылар-ау деген қалаларға бару.

Лондон, Каир, Париж, Берлин, Лиссабон, Бейрут тәрізді, қалалардағы ірі деген кітапханаларға жолданған хаттар сол 1958 жылдары басталып, үзіліссіз жалғасып жатты.

Хаттар жазудың нәтижесінде Ақаңның қолына әл-Фарабидің «Музыканың үлкен кітабы» («Китаб әл-мусихи аль-Кабир») тиді. Мұның Ақаңда арабша нұсқасы жоқ болатын. Кітап 1930 жылы үлкен том болып, француз тіліне аударылып Парижде басылған. Шет жұрттарға баруға қаражат та, уақыт та көтермейтіндігі белгілі. Мұның алдында Мәскеу, Ленинград кітапханаларынан табылған баба жайлы аздаған деректердің ішінде неміс тіліндегі екі, ағылшын және түрік тілдеріндегі бір-бірден табылған әл-Фараби еңбектерінің библиографиялық тізімі шетел кітапханаларынан баба мұрасының көшірмесін сұратып алуға түрткі болады. Сөйтіп, Ақжан ағаның қолында 1958-60 жылдары әл-Фарабидің оншақты шығармасы және оның еңбегін зерттеушілердің дүниелері болып еді.

– Әл-Фарабиді өзбек ғалымдары өздерінің бабасы етуге тырысып, Ақжан Машанимен айтысып-тартысқаны рас па?

– Түркі тарихын өзіне меншіктеп алуда алдына жан салмайтын өзбек ағайындарының әдеті Ақаңа таныс. Әл-Фарабиді қазақ етер қазықты қағып алған соң да ташкенттік әріптестерінің әрекетінен қорғану А.Машаниға онайға түскен жоқ-ты...

Ақаң Ташкентте Бируни атындағы Шығыстану институтына әдейі барып, әл-Фараби туралы ешқандай деректің жоқ екендігіне көзі жетеді. Өзбек ағайындары әл-Фараби есімін мүлде естімеген болып шықты. Институт директорының орынбасары Мұзафар Хайруллаевтың Ақаң жинаған әл-Фараби тұрғысындағы азды-көпті мәліметтеріне таңырқауында шек болмады. Оның болашақ докторлық диссертация тақырыбының тағдырын да сол жолы анықтауға Ақаң себепкер болды. Баба хақындағы қолындағы материалмен бөлісті, «әл-Фарабиге көз алартпаңдар» дегендей өзінің мақаласы жарияланған «Академия хабаршысы» мен «Білім және еңбек» журналдарын сыйға тартты.

Әйтсе де, Ақжан ағаның бұлтартпас дәлелді құжаттарын көре тұрса да, өткен ғасырдың алпысыншы жыдарының басында: «Мына сәлде киген молда кім өзі, қазақ болса руы кім екен, еңбегін неге арабша жазған?» деп қазақ ғалымдары жаппай қарсы шығып мойындамай жүргенде ит-тартыспен 3-4 жыл өтеді. Әл-Фарабидің өзбек тілінде бірнеше мұрасы жарық көріп, бұл кезде Хайруллаев Ақаң ақыл берген тақырыпты игеріп, әл-Фараби философиясынан докторлық диссертация қорғап алып, енді ұлы бабаны өздеріне еншілей бастаған-ды. Осындай әңгімені Ақжан әл-Бирунидің 1000 жылдық мерейтойына барған жолы естиді: «Ақжан-ака, әл-Фараби

заманында қазақ-өзбек еншісі бөлінбеген ел еді ғой, оны қазақ тумасы деп бөле тартпай, өзбек халқына да ортақтастыра бермейміз бе?» – дегенде, Машани: «Түрік тумаларын бөліп-жару қазақтан басталған жоқ еді ғой, ағайын. Науаи, әл-Бируни, әл-Хорезми туған кездерде де қазақ пен өзбек еншісі ортақ емес пе еді? Қазақ жері Отырарда туған әл-Фарабиді ортақ еткілеріңіз келсе, онда өздеріңіз жеріне қарай еншілеп алған өзге даналарды да ортақтастырайық» деген-ді... Сол кезде Қазақстандағы фарабитану жөнінде Машани бастамасынан хабардар Мұзафар: «Хуп, әл-Фараби қазақ болсын, Ақжан-ака. Бірақ сіз Ташкентке келіңіз, бабанды тануға сізге барлық мүмкіншілік тудырылады» деп қазақ ғалымдарының арасындағы баба мұрасына қарсы көзқарастан хабардар Мұзафар әл-Фарабиді өзбек етудің енді басқа бір аяласын ұсынған болатын. М.Хайруллаевтың әл-Фарабиді ташкенттік еткісі келген пиғылы 1971 жылы Мәскеуде өткен халықаралық конгрестің 13-ші мәжілісінде, ұлы бабаның ЮНЕСКО тарапынан 1100 жылдық мерейтойын өткізу мәселесі сөз болғанда айқындалған болатын. Осының кесірінен ұлы бабаның мерейтойын өткізу мәселесі қыл үстінде қалып еді. Оқиға былай болды: М. Хайруллаев сөз алып: «әл-Фарабидің мерейтойына арналған халықаралық ғылыми конференция тек Ташкентте өткізілуге тиісті, әрі баба мұрасы марксизм тұрғысынан әділ бағаланды» дегенде, мәжілісті басқарушы Египет ғалымы үстелді қойып қалып, орнынан атып тұрған-ды: «Ислам ғылымының алыбы әл-Фарабиді марксизмге жүндетуге бере алмаймыз. Ғұламаның мерейтойы өзі ғұмыр кешкен араб елінде өтеді» дейді. Осындай сәтте Алланың құдіретін мойындатар сөзді араб тілінде айтып, А.Машани төрағадан сөз сұрайды. Өз тілінде тілек еткендігінен бе, төраға сабасына түскендей болып, Ақаңа сөз береді. Әл-Фарабидің туған қаласы Фараб-Отырар, елі Қазақстан екенін дәлелдеп, қазақ ғалымдарының баба мұрасын игерудегі жұмыстарын баян етеді. Сөйтіп, ұлы ғұламаның отаны Қазақстан екені нақты айқындалады. Көне заманда әйгілі ғұлама Птоломей мұны нақты жазып, карта жасап, Отырарды әл-Фарабидің туған жері деп бұлтартпай кеңінен дәлелдегені мәлім болады. «Әл-Фараби ұлы ғалымдар қатарында халықаралық тізімге кіргізілсін, оның 1100 жылдық мерейтойы КСРО-да, отаны Қазақстанда тойлансын» деген қаулы қабылданған еді. Сөйтіп, әл-Фарабиге арналған халықаралық форум 1975 жылы 8-13 қыркүйекте Мәскеуде басталып, Алматыда аяқталды. Бұл қазақ ғылымындағы ұлы жеңіс, бүкіл әлем жұрты қазақ өркениеті, ғылымы мың жылдан ары басталғанын мойындады.

– Әл-Фараби еңбектерімен Абай қалай таныс болған?

– Кезінде қазақ зиялылары білім алған Ғалия медресесінің кітапханасы Уфа мешітінің қарамағында баяғы қалпында сақталған екен. Ақаң содан әл-Фарабидің үш кітабын бірден тапты. Оның бірі неміс аудармасы, ол өзінде бар-тұғын. Ал 1907 жылы Каирде шыққан екі кітапта ұлы бабаның он екі еңбегі және өмірбаяны жинақталыпты. Мешіттің имамы Камал Башари қазі әл-Фарабидің қазақ-қыпшақ тумасы екендігін естіп қуанып, сол кітаптың бірін Ақаңа сыйға тартып, Қазандағы Маржани медресесінде, кезінде әл-Фараби логикасы (мантих) жеке дәріс ретінде оқытылғандығы туралы

айтады. Шынында да Шоқанның замандасы әрі досы Шағабутдин әл-Маржани әл-Фараби еңбегін жоғары бағалап, медреседе оның мұрасынан арнаулы дәріс оқытқан-ды. Соның арқасында әл-Фараби есімі Қазан-Уфа ғалымдарына мәлім болған. Ендеше Ш.Маржани арқылы Абай мен Шәкәрім әл-Фарабиді білгені анық. Сол жолы Қазаннан іздегенін тауып, ең бастысы кезінде Құнанбай салдырған Қарқаралы мен Семейдегі мешіттерде Қазан-Уфа медресесін бітірген имамдар ұстаздық еткендігін білетін Ақаң сол молдалардан тәлім алған Абайдың әл-Фараби есіміне де, еңбегіне де қанық болғанына көзі жетеді. Бұған Шәкәрім қажының ұлы Ахаттың Ақжан ағаға арнаған мынандай хаты да нақты дәлел.

«Ақжан!

Әл-Фарабиді еңбек етіп, ол діншіл еді деп, оның ғалымдығы күшті деп ақтап түріктің, оның ішінде қазақтың әл-Фарабиін тірілттің. Әл-Фарабиді оқыған, тағлым алған Абай мен Шәкәрім туралы үн қатпай кеттің. Бұл қалай? 8/УІ-1976».

Ахат Шәкәрімұлы Құдайбердиев ақсақал бұл тілдей хатты Ақжан ағаға Алматыда өткен «Мәдени мұраларды қорғау» мәжілісі кезінде берген еді. Бұл кезде ол кісі Абай музейінің директоры болатын. Әл-Фараби есімін ол кісі шамасы әкесінен естіген болу керек.

Әл-Фараби есімін ұлы ақын Мағжан Жұмабайұлы «Түркістан» поэмасында былай келтірген:

«Тұранның кім кеміткен музыкасын,
Фараби тоғыз шекті домбырасын
Күңіреніп тоқсан тоғыз күй тартқанда,
Тебіреніп кім төкпеген көздің жасын»

Мағжанның Уфадағы медресе Ғалияда оқығаны мәлім. Онда әл-Фараби еңбектері және баба туралы Ш.Мар еңбектері де болған.

Ақаңның пайымдауынша, Абайдың даналық бастауы – қазақ халқының және Шығыстың көне мәдениеті мен өнерінде. Бұған Ақаң күмән келтірмейді.

Себебі, Абайдың даналық дариясы Еуропа мәдениетінен бастау алады деген пікірге Ақаң үзілді-кесілді қарсы болып келді. Абайды орыс мәдениетіне қарыздар ететін пікірді қалыптастырған Мұхтар Әуезов болғаны бәрімізге белгілі. Әуезовке Ақжан кезінде өз ойын жасырмай айтқан болатын. Мұхтар: «Ақжан, сен осы менің «Абай жолымды» оқыдың ба?» деп сұраған бірде.

«Мұқа, «Абайдың» бірінші томын оқып шықтым, ал екінші кітапты бастадым да, жауып тастадым» дейді Ақжан. «Неге?» деген жазушы сауалына: «Мұқа, сіз Абайға қазақ даласына айдалып келген орыстарды ұстаз етіпсіз, сондықтан әрі қарай оқуға зауқым соқпады» дегенде, — «Абайды мен бір тұстан қарастырдым, кейінгі ұрпақ басқа қырынан келер», — деп Мұқан ойланып қалып еді» деп Ақаң сол кездесуді жиі еске алып отыратын...

Батыс ғылымының, әсіресе мәдениетінің бастауы орта ғасырдағы араб елдерінде жатқандығын, ал Шығыстың даму ерекшелігін қарастырғанда араб елдерін айналып өтуге болмайтындығын зерттеп, көз жеткізген А.Машани араб мәдениетін екі данаға да ортақтастыра отырып, Абай дүниетанымындағы араб ғылымының ықпалына үңіледі. Сол көне ғасыр

ғұламаларының көшін бастаушылардың бірі де, бірегейі де Әбу Насыр әл-Фараби болғандығын білетін Ақжан, екі дана арасын жалғастырар желіні де тауып дәлелдейді.

Әл-Фарабидің ұлылығын тек ғалымдығымен ғана емес, көп қырлы ғұлама, ерен өнершіл, әрі ақындығымен ұштастыра зерттеген Ақан: «... Бұл кісіден бұрын да, кейін де даналар болған. Бірақ олардың ішінде дәл әл-Фарабидей геометрия, музыка, астрономия сияқты үш салаға бірдей ұлы үлес қосқан, аса ірі жаңалық ашқан ғалымдарды табу қиын. Платон, Аристотель, Птоломей музыканы жөнді меңгере алмағандығын өздері жазып кеткен» деп тұжырымдап Ақжан қазақ топырағында ұлы бабаға жақын, рухани сабақтас адамды іздестіргенде Абайды айналып өте алмаған.

Ақжан Машани тоқсанға аяқ басқан шағында Абай тақырыбына қалам тартып осындай ой-толғаммен «Әл-Фараби және Абай» зерттеу еңбегі туып, 1994 жылы Абайдың 150 жылдық мерейтойы қарсаңында оқырман қолына тиіп еді. Сөйтіп Ақжан Машани әл-Фараби мұрасын зерттеуде теңдесі жоқ мұра қалдырды және әл-Фараби қағидаларының бүгінгі ғылымдағы көріністері мен қазақтың дүниетанымдық пайымдауларын зерделеуде фарабитану методологиясының ғылыми-ислами негізінің концепциясын жасады.

– Енді Ақжан Машанидің өзі туралы әңгімелесейіз.

– Ілияс Есенберлиннің «Қаһар» романында есімі Масанби деп ілтипатпен аталатын кейіпкер шын мәнінде Машан би екенін қаймана қазақ аңғара қоймайтын болар. Осы Машан би Құнанбай қажымен таныс, біліс, сыйлас, құдандал адам болған. Қарқарлы өңірінің игі жақсылары болған аға сұлтан Құспек пен Жамантай төреге дейін Машан биді құрмет тұтыпты. Машан би қайтыс болғанда Жамантай төренің «Енді қазақта Машандай ұл туғанша қашан?» деп күйзелгені жұрттың аузында жүретін сөзге айналған. Ал осы Машанбидің кенже ұлы Жақсыбектің баласы Ақжан екен, яғни Ақжан Машанбидің немересі. Ақжан 1906 жылы 2 қарашада туған. 1939 жылы қазақтың тау-кен институтын бітірген. 1960 жылдан бастап осында кафедра меңгерушісі болған. Геология саласында 200-ден астам ғылыми еңбек жазып жариялаған. Қазақстанда геомеханика мектебінің негізін қалаған. Абастау-Құсмұрын, Жосалы кен көздерін ашқан. Геология саласында қазақ тілінде алғашқы оқулықтар жазған. Геология тақырыбында жазған еңбектері Кеңес Одағы көлемінде жоғары бағаланған. Қаныш Сәтбаевпен бірге ҚазақКСР Ғылым академиясының іргетасын қаласып, оның тұңғыш мүше-корреспонденті болған.

А.Машанидің «Жерастына саяхат» (1957) романы қазақ әдебиетіндегі ғылыми-фантастика жанрының тұңғыш туындысы болды. Сөйтіп А.Машани қазақ әдебиетіндегі ғылыми-көпшілік, фантастика жанрларын дамытты, оның тұңғыш қазығын қаққан классигі болып төл тарихымызға енді.

А.Машани алпыс жылдай үзіліссіз ұстаздық етіп, мыңдаған кен инженерлерін даярлады. Тұңғыш рет қазақ тілінде жазылған «Кристаллография, минералогия және петрография» (1969), «Геомеханика» (1995) оқулықтары әлі құнын жойған жоқ. Ендеше оны марапаттаған Ленин,

Еңбек Қызыл Ту ордендері Ақжан тындырған ұланғайыр азаматтық ісінің, толық бағасы дей алмаймыз. А.Машаниді өзі құрылтайшы болған ҰҒА-ның толық мүшесіне өткізбей «Ғылым мен техникаға еңбек сіңірген қайраткер» атағымен шектеуі оған жасаған моральдық репрессия деп қарау керек және 1946 жылы қорғаған докторлық диссертациясының Мәскеуде хабар-ошарсыз кетуі де ұлтжанды азаматтың тартқан жазасы деп білеміз. Басқаша айтқанда, оның қазақтың ғылымы мен мәдениетін көтеріп, ұлылығын танытқаны отаршыл империяға ұнамағанын аңғартса керек. Әйтпесе оның ұланғайыр еңбегі Кеңес Одағының ең жоғары атақтары мен марапаттарына лайық екенін түсіну қиын болмас. Бір өкініштісі, ғұлама ғалымның еңбегіне деген селқос қараушылық әлі күнге дейін жойылмай келеді.

– Ақжан секілді ғұламаның көзін көріп, ұлағатын өз құлағыңызбен тыңдағаныңыздың өзі бір мектеп екені даусыз. Осы жөнінде жазу да ойыңызда жүрген болар. Ғұламаның ықпалы, өміріңізге зор әсер еткені айтпасақ та түсінікті ғой.

– Мен Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ-да оқып жүргенде Ақжанның дәрісін тыңдап, кейін «Білім және еңбек» журналында бөлім меңгерушісі болып мақалаларын бастырып, әңгімелерін тыңдай жүріп оның әл-Фараби секілді сегіз қырлы ғалым, ойы мен білімі терең ғұлама екеніне көзім жеткендей болды. Одан алған тәлім-тәрбием мен білімімді күнделікті еңбегімде пайдаланып келемін. Қазір ойлап отырсам, өз басым екі жүзден астам әдеби және ғылыми еңбек жазып, жариялаған екенмін. Сонымен қатар, «Ақиқат формуласы» мен «ӘлМисак» (1968) романдары, «Елгезек электр» (1962), «Көрінбес қорған» (1965), «Саһара гүлі тас раушан» (1981), «Әл-Фараби көпірі» (1988) және «Ақжан Машани» (2007) кітаптарын жазыппын. Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ жанынан А.Машани Орталығын құрып, 2003 жылдан бастап, ғалымның 16 томдық фарабитану еңбектерін жинақтадым, ол түгелдей 2011 жылы оқушысына жетті. Тек бұл емес, геомеханиканың негізін салған, Орталық Азияда ғана емес бүкіл түркі тілдес елдерде фарабитанудың атасы саналатын академик Ақжан Машанидің дүниежүзілік өркениетке қосқан еңбегін танытар 32 зерттеу еңбегін жариялап, 100 жылдық мерейтойын ЮНЕСКО аясында атап өтуге атсалыстым. Әл-Фарабидің де еңбектерін жұрттың игілігіне айналдыру үшін «Әл-Машани» Халықаралық қоғамдық қорын ұйымдастырып, оған баскөз болып келе жатырмын. 2007 жылы «Фибратты ғұмыр» сериясы аясында «Ақжан Машани» деген роман жазып, жарыққа шығардым. Ал, түрлі жиындарда, халықаралық ғылыми конференцияларда баяндамалар жасау, мұндай шараларға ұйытқы болу да міндетіме айналды. 2009 жылы шыққан «Машанинама» зерттеуім осының бір парасы.

– Ақжан Машани фарабитанудың атасы атанса, Сіз машанитанудың атасына айналған секілдісіз. Ұлы бабамызды өз отандастарына танытуда қаншама еңбек жасап, зерттеулер жүргізген А.Машанидің еңбегін халықаралық деңгейде танытуға мұрындық болғаныңызды да айта кетсеңіз.

– 2006 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінде «Ғұлама А.Машанидің 100 жылдық мерейтойын қалай өткіземіз?» деген тақырыпта дөңгелек үстелді

ұйымдастыдық емес пе. Сөйтіп Х.Алтай, Р.Бердібай, М.Мағауин, С.Қирабаев, С.Зиманов, К.Смайлов, Қ.Қайсенов тәрізді ғалымдар мен қоғам қайраткерлері дөңгелек үстелге қатысып, қорытындысында сол кездегі Үкімет басшысы И.Тасмағамбетовке А.Машани мерейтойы ЮНЕСКО деңгейіне лайық деген ұсыныс жасады. Ғалым А.Машанидің 100 жылдық тойы ЮНЕСКО-ның айтулы күнтізбесіне енгені туралы және сол мерейтойдың 2007 жылға белгіленген тұрғысындағы алғашқы ақпарат маған жолданды. Алайда бұл жөнінен Қазақстанда ауқымды шаралар жасала қоймады. Соның салдарынан Ақжан Машаниді жұртшылық жете танымайтындай болып ұғылатынын байқадым.

Ақжан Машанидің еңбектері тек әл-Фараби емес, тек рухани тақырып емес, ғылыми-техникалық салада да ашқан жаңалықтары, зерттеулері қаншама десеңізші! Тіпті бүкіл Қазақстанда Ақжан Машани тұлғасына теңесерліктей ұлы ғалымдар кем де кем. Тіпті руханият пен ғылыми техниканы қатар меңгеріп шет жұртқа дейін танымал болған ондай тұлға жоқ десем сөзім жаңсақ бола қоймас. Машани еңбектері дәл бүгінгі заманда дінтанудың, ғылымтанудың өзегі деп білемін. Солай болса да, абайтану, фарабитану, секілді машанитану пәндері оқу орындарына енгізілмеген еді. Тіпті, Ақжан Машаниға лайықты монументальді ескерткіш те жасалмады. Машани еңбек еткен Ұлттық-техникалық университет ғимаратының алдыңғы алаңының бір жағында Қ.И.Сәтбаевтың ескерткіші тұр ғой. Ал, алаңның екінші жағына А.Машанидің ескерткіші өзінен өзі сұранып тұрғандай. Білім және ғылым министрлігі машанитану оқулықтарын жаздырып, оқу бағдарламаларына енгізетін болса, мұның пайдасы қанша зор екені айтпасақ та түсінікті болар. Жә, Машаниды былай қойып, әл-Фарабиды лайықты ескеріп жүрміз бе. Біз білетін адамзат тарихында, екі ұлы ұстаз бар екен. Бірі Аристотель, ол антидүние өкілі, екіншісі әл-Фараби. Ол бұл жаңа дүниенің Аристотелі. Бірақ бұл екінші Аристотель ме? Егер, Ақжан Машанидің сөзімен айтсақ жаңа заманның дара тұрған екі данасының біріншісі пайғамбарымыз Мұхаммед с.ғ.с. болса, екіншісі Ақжан ғұламаның, мынау сенің бабаң деп, қазақтың пешенесіне еншілеген әл-Фараби.

«Егер Платонның шәкірті Аристотелдің қасында әл-Фараби отырар болса, ұстаз осы екеуінің қайысына іштартар еді?» деген сұраққа қалай жауап берер едіңіз?

– Мен ойланбастан Әбу Насырды атар едім. Өйткені Аристотельде, Птоломейде жоқ дүниені ұлы бабамыз өз жанына қосып, ол менікі демеген және Евклид өзіне дейінгі геометрияны жинақтап 13 кітап жазды, оны геометрияның атасы дейді. Ал, бабамыз сол геометрияны дамыту нәтижесінде, оны ғылымдардың негізі етті. Әл-Фараби түсіндірмесі болмаған кезде Батыс Еуропа, тіпті грек ғалымдарының өзі Аристотельді түсіне алмаған. Әл-Фараби «Птоломейдің Алмастріне түсінік» еңбегінде Аристотельді жан-жақты түсіндіріп берді. Осылайша ұлы бабамыз, бүгінгі тригонометрияның негізін салды. Осылардың негізінде алғашқыда әл-Фарабиді ұлы түсіндіруші (Великий Коментатор) деп атай келе, кейін Шығыстың Аристотелі деп атауға мәжбүр болды. Бұл екінші деген мағына

бермейді. Орта ғасырда бүкіл Еуропаны ілімге баулыған араб ғалымдары оны әл мухалим, әл сани екінші ұстаз деуі Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарымыздан кейін қойды. Ал, оны екінші Аристотель деп жүрген еуропацентризмге улағандар, соның ішінде өзіміздің өкілдеріміз де бар.

Мен бұл ойымды, 2010 жылы Париждегі ЮНЕСКО штаб үйінде өткен кезекті конференцияда, ондағы ҚР Елшілігі ұйымдастырған «Әл-Фараби және Еуропаның өрлеуі» атты тақырыпта өткізілген Дөңгелек үстелде «Әл-Фараби жаңа заманның номері бірінші ғалымы» атты баяндамада қадап айттым.

Демек, біздегі оқу-тәрбие ісінің бісіміләсі әл-Фараби болуы керек емес пе?! Бір-екі ЖООна, түрлі даңғылдарға баба есімін атаудан әлі асқанымыз жоқ қой. Бүгінгі ғаламдану заманында бабалар есімін жастар тәрбиесінің Темірқазығы ете алмай келеміз. Ақжан Машани қазақ қауымы үшін фарабитанудың кілтін жасап кеткен ғалым. Мен мұны Ақжан хазіреттің мұрасын жинау барысында және 150 баспа табақтай зерттеулерімен танысқанда көзім жетті. ҚазҰТУ-де жасалған «Интеллектік ғибрат» оқу-тәрбие кешенінің қозғаушы идеясы сол жолы туындап еді.

– Ақжан Машаниға арналған тұңғыш көркем шығарма «ӘлМисақты» кейіпкеріңіз оқи алды ма?

– Менің орны толмас үлкен өкінішім қолжазбамды өз ағаға оқытып үлгере алмағандығым. Әрине, бұған мүмкіндік болды, бірақ шығармамды «Жұлдыз» журналына бастырып, рухани ұстазыма тарту етемін деп жүргенде фәниден өтіп кетті. «Ғибратты Ғұмыр» сериясы бойынша «Ақжан Машани» кітабын ғұламаның 100 жылдық мерейтойы өткен соң үш айда жазып едім. Бұған мына ақпаратты қосайын. Сол жылдың 1 қараша күні «Қазақстан» баспасының директоры Нұрмахан Оразбек: «Ақжан Машани дайын, алып кетіңіз» деп телефон шалды. Бұл Ақжанның ресми туған күні 2 қарашаға дейін даярлаймын деген баспагер азаматтың уәдесі еді. Өз ағаның мерейтойы қарсаңында университетте 24-25 мамырда өтетін Халықаралық конференция дайындығы тәрізді қарбаласқа қарамай, сол кітапты жазу маған міндеттелді. Екіүш ай бойғы ұйқысыз өткізіп жазылған сол еңбегім көңілімдегі Ақжан ағаның болмысын бере алсам деген құштарлық жетегімен қағазға түсті. Ғұмыр жетсе тындыратын әлі де талай-талай шаруаларым бар. Тек Машани ғана емес, оқулықтар жазу, қазақ тілін орнықтыру мәселесі де мазалайды. Сол жылы Ататүрік атындағы мәдениет, тіл және тарих жөніндегі Түркияның Жоғары Комитетінің шақыруымен «Ел тыныштығы және дүниежүзі бейбітшілігі» тақырыбымен өткізген, Штаб пәтері Парижде орналасқан, әр 3 жылда шақырылатын (Азия және Терістік Африка елдерін зерделейтін) ICANAS-38 халықаралық конгресіне қатысып, Қазақстандағы әл-Фараби мұрасын игеру проблемасына бағышталған үш баяндама жасап қайттым.

Осындай шараларға қатысқан сайын тың істер ойға оралады. Сондай идеяның бір парасы «Интеллектік ғибрат» оқу-тәрбие кешені еді. Көңілде арман көп, бәрін тындырсам деймін. Міне, жасым болса 75-ке келіпті. 75 бұл жер таянатын жас қой. Басқаларды қайдам, өз басым жұртым үшін, халқым үшін, білім мен ғылым үшін, тәуелсіздігім үшін не тындырам дегендей сауалға тіреле берем. Жасың келген соң, ата-бабамнан, көзін көрген ғұламалардан алғанымды болашаққа беріп кету бақыт екенін сезіне түседі екенсің.

сұхбаттасқан
Қуанбек Боқаев